



# Ақмешіт

14 қараша  
сейсенбі  
№90 (1997)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда  
университетінде жазушы, этнограф,  
университеттің құрметті профессоры,  
Қызылорда облысының құрметті азаматы  
Тынышбек Дайрабайдың 80 жасқа  
толуына орай «Сыр өңірінің тарихы:  
зерттеулер нәтижесі және өзекті мәселелер»  
тақырыбында конференция өтті.

## ТУҒАН ӨЛКЕ ТАМЫРШЫСЫ



Зерттеушінің ел тарихын, Сыр өңірінен шыққан  
ақын, жырғаулардың, би, шешендердің бай мұраларын  
насихаттап, жарыққа шығару жолындағы қажырлы  
еңбегінің арқасында КСРО Жоғарғы кеңесінің  
жарғысымен «Еңбек ардагері», 2003 жылы Қорқыт  
ата атындағы мемлекеттік университетінің «Құрметті  
профессоры», Қорқыт ата алтын медалімен мара-  
патталған. Сонымен қатар 2004 жылы әлеуметтік  
ғылымдар академиясының «Құрметті академигі», 2005  
жылы «ҚР Мәдениет қайраткері», Қармақшы, Жалағаш,  
Сырдария аудандарының «Құрметті азаматы» атағын  
алды. Қазақстан журналистер одағының «Құрмет  
грамотасымен», «Құрмет» орденімен, облыс әкімінің  
құрмет грамотасымен марапатталып, «Қазақстанның  
еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

Жиынды ғылыми жұмыстар және халықаралық  
байланыстар жөніндегі проректор, филология ғы-  
лымының кандидаты Майнұр Бөрібаева жүргізді.  
Конференцияда сөз алған Қызылорда Ашық уни-  
верситетінің басқарма төрағасы-ректоры, техника  
ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов  
мерейтой інісінің өмірбаяны мен шығармашылық  
жұмысына тоқталып, мерейлі жасымен құттықтады.

Мұнан әрі құттықтау сөз алған Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің қауымдастырылған  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы Дастан  
Сәтбай «Сыр өңірінің көрнекті өлкетанушысы» тақы-  
рыбында ой қозғап, жазушының өлкетану саласында  
еткен еңбегін жийыландарға паш етті.

Тынышбек Дайрабайұлының Сыр бойы әдебиетін  
зерттеудегі ерен еңбегіне тоқталған Қорқыт ата уни-  
верситетінің профессоры, филология ғылымдарының  
кандидаты Габит Тұяқбаев өзінің ғылыми зерттеулерінде  
бағыт-бағдар берген тұғырлы тұлғаға алғыс білдірді.  
Конференция барысында шығып сойлеушілер терең  
білім інісінің ұшан-теңіз еңбегін жоғары бағалап,  
ғылыми еңбектері мен құнды қолжазбалары университет  
кабырғасында сақталса, сол үшін мерейтой інісіне арнап  
кабинет ашылса деген өтінішін жеткізді. Жиын соңында  
мерейтой інісіне қазақтың салт-дәстүрімен сый-сияпат  
жасалды.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

# 30 жыл: Теңгені енді қандай өзгеріс күтіп тұр?

15 қараша – ұлттық  
валюта күні. Биыл теңгенің  
айналымға енгініне  
30 жыл толып отыр.  
Алғаш Лондондағы «Harrison  
& Sons» фабрикасында  
басылған төл теңге 30 жыл  
ішінде түрлі тербелісті бастан  
кешті. Сарапшылар пікірінше,  
төл теңге бүгінгі күнге дейін  
бес девальвацияға  
ұшыраған екен.  
«Freedom Finance  
Life» өмірді сақтамдыру  
компаниясының мамандары  
ашық көздерден алынған  
деректерді зерттеп, соңғы  
30 жылда алты жаһандық  
әлемдік қаржы дағдарысы  
мен бес девальвация  
қазақстандықтардың өміріне  
және олардың жалақысына  
қалай әсер еткеніне талдау  
жасапты.



### Қаржы дағдарысы (1997-1998)

Бұл дағдарыс бүкіл әлем үшін үлкен  
сілкініс болды. Таиланд, Индонезия,  
Малайзия және Оңтүстік Корея экономикасы  
ең көп зардап шекті. Тіпті Жапония,  
Гонконг, Лаос, Филиппин, Қытай, Үндістан,  
Вьетнам, Сингапур және Тайваньға аз  
болса әсер етті. Әлемдік нарықта шикізат  
бағасының күрт төмендеуі 1998 жылы  
Ресейде экономикалық дағдарыс болды, ал  
2001 жылы Аргентина халқының кедейлік  
шегінен төмен үлесі 54%-дан асқан кезде  
аргентиналық дефолт болды.

Тәуелсіз ел болған Қазақстан алғаш  
рет девальвацияға тап болды. 1999 жылы

доллар бағамы 85 теңгеден 140 теңгеге  
дейін өсті. Ал осы кезеңде орташа жалақы  
\$124-тен (9683 теңге) 99 АҚШ долларына  
(11864 теңге) дейін төмендеді. Кейінгі  
жылдары ұлттық валюта нығая бастады, ал  
доллар бағамы 120 теңгеге дейін төмендеді  
(2008 жыл).

### Әлемдік экономикалық дағдарыс (2008-2013)

Банктер жаппай банкротқа ұшырап,  
АҚШ-тағы акциялар бағасының төмен-  
деуінен кейін қаржы дағдарысы бүкіл  
әлемді, соның ішінде Латын Америкасы  
елдерін, Еуропа мемлекеттерін және  
ТМД елдерін қамтыды. Дәл осы уақыт  
аралығында тауарлар бағасының

жаһандық өсуі, халықаралық ірі  
компаниялар банкрот болып, еңбек  
нарығында рекордтық деңгейге жеткен  
жаппай жұмыссыздық байқалды. 2009  
жылы бүкіл әлем бойынша 200 миллион  
адамның жұмысы болмады.

Қазақстанда 2009 жылы доллар бағамы  
120 теңгеден 150 теңгеге дейін өсті. Ал  
орташа жалақы 456 АҚШ долларын (67 333  
теңге) құрады. 2008 жылмен салыстырғанда  
9,7%-ға төмендеген.

### Еуропалық қарыз дағдарысы (2010-2013)

2002 жылдан бастап қаржы нарығының  
жаһандануы, жеңіл несие алу және ЕО-  
ның кейбір елдерінің экономикалық өсу

қарқынының төмендеуі Еуропалық қарыз  
дағдарысына әкелді. Алдымен Греция,  
Португалия, Испания, Ирландия және  
Кипр жаһандық экономикалық мәселеге  
тап болды. Содан кейін дағдарыс барлық  
еуропалық мемлекеттерге, соның ішінде  
Франция мен Германияға таралды. Бұл  
уақытта әлемдік сауда 10%-ға қысқарды.  
Мемлекеттік кірістердің қысқаруына  
байланысты ЕО-ның көптеген елдерінде  
салық өсті, ал үкімет үнемдеу мақсатында  
өз шығындарын қысқартты.

2010-2013 жылдары Қазақстанда доллар  
бағамы тұрақты болып қалды – бір доллар  
үшін 148-150 теңге. Бұл ретте орташа  
жалақы \$909 – (137 043) теңгеге дейін өсті.

2 БЕТТЕ

### САРАПТАМА



Ел арасында Сыр өңірінің бір кездері жасыл  
желекті аймақ болғаны жиі айтылады. Дегенмен  
табиғаты аптап ыстықты аймақтың бүгінгі  
халі көңіл көншітпейді. Қоғалдандыруды қажет  
етеді. Оған жердің тұзды, сор болуы басты себеп.  
Көпшіліктің пайымы да осы. Расымен, бұл – өзекті  
мәселе. Бірақ соңғы кездері есік алдын қоғалдандырып,  
түрлі жеміс ағашын, тіпті аты да, заты да таңсық қошет  
отырғызып, айналасын жасыл желекке айналдырғандар бар. «Қалауын тапса, қар жанады»  
деген сөздің шынымен, жаны бар сияқты. Жалпы топырақтың тұздылығының себебі неде? Оның  
қоғалдандыруға қаншалықты кері әсері бар? Алдын-алуға бола ма? Тұзды топыраққа не өсіруге  
болады? Тақырыпты саралап көрген едік.

4 БЕТТЕ

## Төл теңгені безендірген Сыр перзенті туралы сыр

Биыл ұлттық  
валютаның айналымға  
енгініне 30 жыл.  
Тәуелсіздік алғалы бері  
елмен бірге «бір сүрініп,  
бір тұрып» өмір сүріп  
келе жатқан теңге жайы  
жазылып келеді. Мерейлі  
жылда теңгенің дизайнын  
жасауға тер төккен Сыр  
перзенті Ағымсалы  
Дүзелханов туралы және  
талантты суретшінің сол  
сәттегі әсерін оқырманға  
ұсынғанды жөн көрдік.



Бұдан 30 жыл бұрын төл теңгенің дүниеге келетінінен  
қалың ел хабарсыз кезде бір жыл уақытын теңгенің  
безендірілуіне арнаған суретші сол кездегі төгілген тер,  
үйкәсіз күндер, көз майын тауысқан сәттерді қазір тек жылы  
естеліктермен еске алады. Әйтпесе, ол күндер оңай болған  
жоқ. Тәуелсіздік елінің тұңғыш валютасы! Тәуелсіздікке  
қол жеткізген елдің енді өз валютасы айналымға шықпақ.  
Мұндай жауапкершілігі ауыр жұмыс кез-келгенге артылмасы  
анық. Жауапты сәтті абайроймен алып шығу керек. Таразы  
басында мемлекет намысы тұр.

2 БЕТТЕ

## ҚЫЗЫЛША ДЕНДЕП БАРАДЫ



1954 жылы Нобель сыйлығының  
лауреаты, танымал вирусолог Джон  
Эндерс пен дәрігер Томас Пиблз  
кызылшамен ауырған адамдардың  
қан құрамы мен ауыз қуысындағы  
микрэлементтерді жинақтап,  
зерттеген. Содан 1963 жылы Джон  
Эндерс өндіріп алған штаммнан  
кызылшаға қарсы тұңғыш вакцина  
жасап шығарған. Яғни зерттеулер  
нәтижесінде кімнен бастау алғаны

анықталып, бұл вирустың атауы 13  
жасар жасөспірім баланың атына  
берілген. Алайда ол кезде бұл  
дәрі-дәрмекті жаппай қолданудың  
мүмкіндігі болмаған. Араға бес жыл  
салғаннан кейін әріптесі 1968 жылы  
америкалық микробиолог Моррис  
Хиллеман тағы бір вакцина жасап  
шығарады және ол вакцина тарихтағы  
ең сәтті вакцина деп саналған.

3 БЕТТЕ

### Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ  
АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың  
бірінші жартыжылдығына  
жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті  
газетіңіз төріңізде тұрсын!  
Жекелер үшін 6 айға – 3000  
теңге, мекемелер үшін – 4000  
теңге.

Баспасөзге қатысты  
сауалдарыңыз болса, мына  
нөмірлерге хабарласыңыздар:  
40-05-81, 70-14-08.

# Төл теңгені безендірген Сыр перзенті туралы сыр



Осындай жүгі ауыр жауапкершілік оның көз іліп, мызғып алуына мұрша бермейді. Көз сәл демалса болды, қайта іске кіресің. Қазақтың төл теңгесін жасау жұмысының басы-қасында жүргенде қайдан ұйықтасын?! Өзі ісіне жауапкершілікпен қарап әрі тиянақты жұмыс істеу, шыдамдылық пен қажыр-қайрат оған бала күнінен ата-әжесі берген тәрбиенен бойына сіңген. Бір сәт балалық шаққа саяхат жасады. Бала күнінде

Ағымсалыны еңбеккерлікке, колонерге баулыды. Бір ауылдың колонер мектебіндегі болған әжесінің көпке үйретері мол. Киіз үйдің көздің жауын алар жабықтығы, әже қолынан шыққан әсем бұйымдар бала Ағымсалының бойындағы талантты ұштады. Табиғаттың сұлулығына тойып өскен ол сол сұлулықты қағазға түсіруге күштар болды. Атасы Жансүгір түрлі-түсті бояу мен қылқалам үшін ауылдан жүз шақырым қашықтағы аудан орталығына арнайылап барып келеді. Бұл күні одан артық бақытты жан жоқ. Айналадағы сұлулықтың барлығы, судағы балық, ұшқан құс, тіпті ауыл адамдары ақ қағазға сурет болып салына бастады...

Балалық шақтағы бұл қызығушылық үлкен арманға жол ашты. Әскери борышын өтеп келген жас жігіт Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түсті. Училищені үздік аяқтап, В.И.Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік көркемсурет институтына түсті. Үлкен орта оның білімін де таным көкжиегін де кеңейте түсті. Мәскеудегі белгілі суретшілер мен көркемсурет галереялары, түрлі көрмелердің ортасында жүріп көзбен көру болашақ суретші үшін нағыз академия болды. Бірде Мәскеудің тарихи

картиналар сериясы үшін Президент жарлығымен мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер. 2016 жылы «Құрмет» орденімен наградталды. — Бала кезімнен суретші болғым келді. Мұндайда бір-екі сағат демалып, қайта кірісеміз. Компьютердің жоқ кезі. Бәрін қолмен жасадық, әріптестерге дейін қолмен жаздық. Англияға келгенде фирма суретшілері эскиздерімізді көріп аң-таң болды. Сөйтсек олар сол кезде-ақ қолмен сурет салмайды екен. Компьютер, принтер арқылы жұмыс істейді екен. Теңгенің суреттері дайын болған соң дизайн композицияларын құрастыру жұмысын төртеуіміз бірігіп жасадық. Өртүрлі эскиз сызып, фирма мамандарымен ақылдасып, ең жақсы шыққанын тапсырдық. Кеңес Одағының ақшасы құнысзданып, халықтың тұрмысы төмендеп қалған кез. Тезірек өз теңгемізді жасауға үлкен шабытпен жұмыс істедік. Уақыт тығыз. Үкімет тезірек аяқтауға жоспар берген. Жұмыс істейтін офисіміз Лондон қаласынан үш сағаттық жерде орналасқан. Жолға уақыт кетеді. Мен фирма басшыларына түсіндіріп, қонақүйден шықпай жұмыс істеуге рұқсат алдым. Сурет қараларын, қағаз, үлкен микроскопты қонақүй бөлмесіне әкеліп берді. Енді теңгенің суреттерін нағыз шығатын көлемінде салу керек болды. Көлемі өте майда суреттер. Микроскоп арқылы сурет салуға мәжбүр болдым. Бұрын-соңды микроскоппен сурет салып көрмеген. Аквадель кылқаламының бір ғана қылымен барлық суретті салып шықтым. Қиын да қызықты жұмыс болды, — дейді суретші.

Біз суретшінің бір ғана жетістігін жаздық. Төл теңгеміздің жарыққа шығуына үлес қосқан суретшінің мұнан өзге қаншама жетістігін айтып тауыса алмаспыз. Бір кездері Мәскеу мұражайларын, суретшілер көрмесін аралап, тамсанып армандаған ол бүгінде есімі әлемге белгілі суретші. Осы өнерге қызыққан жас буынға бағдар ретінде бірнеше әдістемелік оқулық жазды. 2000 жылы БҰҰ ұйымдастырумен өткен халықаралық «Глобал-АРТ-2000» байқау көрмесінде лауреат атанып, әлемнің 100 елінен катысқан 33 үздік суретшілер қатарына енді. 2002 жылы Қазақстан туралы тарихи

музейіне жол түсті. Мұнда ежелгі сақ шеберлерінің туындыларын бірінші рет көрді. Сол сәттен бастап жас суретші өз ұлтының тарихын туындыларына арқау етуге қызыға бастады. Қазақ тарихындағы батырларды сомдау үшін әрбір детальді іздегісіп жинауға ұмтылды. Суретшінің ізденісі туралы өнертанушы, техника ғылымының кандидаты Роза Жүсіпова: «Жазушы, сценарист, «Томирис» кітабының авторы Болат Жандрәбековтің ұсынысы оның тарихи туындыларды кескіндеуге талпынысын аша түсті. Тарихи тақырыптарды қылқаламына арқау ету сақтардан басталып, «Ғұндар», «Ежелгі түркілер», «Жонгарлармен шайқас кезінде» атты тақырыптарды жалғасты. Сондай-ақ Абылай хан, Әбілхайыр хан, Томирис портреті талантты суретшінің қайталанбас туындысы» деп жазады.

1992 жыл. Жауапты сәт. Министрлер кабинеті тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгені шығару жұмысына суретшілер, дизайнерлер тобын құруға шешім қабылдады. Қазақстан дизайнерлер одағының төрағасы Тимур Сүлейменов басқарған топта сол кездегі «Жалпы» баспасының бас суретшісі Меңдібай Алин, дизайнер Зайрулла Ғабдуллин, Ағымсалы Дүзелханов бар. Үлкен жауапкершілік артылған топ жұмысы басталып кетті. Қазақтың тұңғыш теңгесінің эскизін жасау оңай шаруа емес. Жыл он екі ай, күн мен түнге ұласқан жұмыс нәтижесін берді.

Эскиз мақұлдандан соң суретшінің ұйқысыз күндері басталды. Қазақтың ұлттық валютасының суретін салу. Барша қазақты қуантатын күн де алыс емес. Шаршау, қиналыс, осы сәтті ойлағанды бәрін ұмытырып, шабыт сыйлайды. — Валюта суреттерін салу оңайға түскен жоқ. Сурет композициялары бірден шыға қоймайды. Алғашқы эскиздері болса да талай рет қайта жасап, қалпына келгенше қиналды. Көз шаршайды, кате

10374 адам жұмысқа орналасты

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауына, биыл өңірде жұмыспен қамтылғандардың саны – 10 374 адамды құраған.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы хабарлағандай, Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес, биыл өңірде 10 651 жұмыс орнын құру жоспарланған еді. Бүгінде жылдық жоспардың 97,4 пайызы орындалды.

Алдағы уақытта да жастарды жұмыспен қамту жасалғасын таппақ.



## 30 жыл: Теңгені енді қандай өзгеріс күтіп тұр?



### Санкция дағдарысы (2014-2018)

Қырымның Ресей Федерациясына кіруіне және Украинаның шығысындағы әскери қақтығысқа байланысты АҚШ, Еуропалық Одақ, Австралия, Жаңа Зеландия және Канадаға Ресейге қатысты санкциялар Ресейдің өзі үшін де, посткеңестік мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан үшін де қаржылық дағдарысқа әкелді.

2014 жылы Ұлттық валюта бір доллар үшін 185 теңгеге дейін әлсіреді. Ұлттық банк бағамды жасанды түрде тежеуді тоқтатты, ал теңге еркін өзгермелі бағамға көшті. 2016 жылы доллардың құны 340 теңге болды. 2013 жылмен салыстырғанда елде орташа жалақы доллармен есептегенде екі есеге, 909-дан 420-ға АҚШ долларына дейін төмендеді.

### Covid-19 пандемиясы: әлемдік қаржы дағдарысы (2020-2021)

Мұнай бағасының минус белгіге дейін құлдырауы, шекаралардың жабылуы, барлық салалар жұмысын уақытша тоқтатуы және девальвация кезекті қаржы дағдарысының айқын хабаршысы болды. 2020 жылы әлемдік экономика 4,3%-ға қысқарды, бұл 2008 жылғы қаржы дағдарысы кезіндегінен үш есеге жуық өсті.

2020 жылдың наурызына дейін доллар бағамы 382 теңгені құрады. Пандемия әсерінен елімізде төртінші девальвация болып, доллар 400 теңгеге дейін көтерілді. 2021 жылы валюта нарығындағы бағам бір доллар үшін 420 теңгені құрады.

Басы 1-бетте

### Ресей-Украина әскери қақтығысына байланысты

#### Экономикалық дағдарыс (2022)

2022 жылдың 24 ақпанынан бастап екі мемлекеттегі қақтығыс салдарынан долларға қатысты рубль бағамының күрт төмендеуі байқалды. Бұл девальвацияны АҚШ пен Еуропаның бірқатар экономикалық санкциялары тудырды. Сарапшылар мұны 1998 жылғы дағдарыспен салыстырды.

Рубльдің құлдырауы нәтижесінде Қазақстанда тағы бір девальвация болды. Бірнеше күн ішінде доллар 430 теңгеден 490 теңгеге дейін, содан кейін 518 теңгеге дейін көтерілді. Мұнан соң азық-түлік бағасы айтарлықтай өсті. Тіпті 30 пайызға дейін қымбаттады.

Сарапшылар зерттеуі осы отыз жылда теңгенің тағдыры оңай болмағанын байқатады. Дегенмен ұлттық валютамыздың бар болуының өзі үлкен жетістік. Осы орайда, теңгенін мерейлі мерекесі қарсаңында елге белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

— Ұлттық валютаға, міне, 30 жыл толды. Қазір теңгенің сәл нығайғанын байқаймыз. Бұл 30 жылдық мерейтойына байланысты деп айтуға негіз бар. Теңге айналымға шыққан алғашқы жылдары 1 доллар – 4,69 теңге болса, қазір 469 теңге болып тұр. Демек, осыдан-ақ теңгенің 30 жылда 100 есе құнысзданғанын байқаймыз. Теңге өз тағдырында қанша девальвацияны, еркін айналымға өткізі бері қанша толқуды бастан өткерді. Дегенмен бір айта кетерлігі, ұлттық валютаға 30 жыл толып жатқанының өзі жетістік. Себебі бұл – қазақ елінің ұлттық валютасы. Елдің бар екенін көрсететін бір нышан ұлттық валютаға ғой. Жыл өткен сайын дизайны да, формасы да өзгерді, қауіпсіздік дәрежесі, өзіндік ерекшеліктері де бар. Әлемдегі ең үздік әдемі валюталардың қатарына да кірді. Бұл да болса, теңгеміздің жүріп өткен жолы. Енді уақыт талабына сәйкес цифрлық теңге шығайын деп жатыр. Бұл бағытта ұлттық банк жұмыс жасап жатқанын байқаймыз. Меніңше, бұл керек. Өйткені қазір криптовалюта нарығы бар, әлем цифрлық ақшаға көшеді, сол себепті Қазақстан да осы көштен қалып қоймау керек. Әрине, мұның артықшылығы да, кемшілігі де болуы мүмкін. Біз онлайн аударымдарға, банктердің онлайн қосымшаларына өбден үйреніп қалдық қой. Тура сол сияқты цифрлық теңгемен төлем жасау жеңіл бола ма және кибершабуылдарға қауіпсіздік дәрежесі мықты бола ма? Енді осындай мәселелер бар. Алдағы уақытта цифрлық теңге айналымға енгенде оның бағасын халық бере жатар. Қалай болса да, теңге отыз жылдық мерейлі күніне келіп жетті. Теңгеміз жасай берсін! Ұлттық ерекшелігіміз, экономикалық қауіпсіздігіміз алдығы шепте тұрсын!, — дейді экономист.

Бетті дайындаған Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА Суреттер ашық дереккөзден алынды

Қазақстан Ұлттық банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртұар адамдар» сериясынан **TENGEGE 30 JYL** коллекциялық монеталарын айналымға шығармақ **«TENGEGE 30 JYL монетасының дизайны цифрлық технологияларды дамыту тұрғысынан «Т» теңге белгісін пайдалануға негізделген. Белгінің сол жағындағы ою-өрнек даму мен өркендеуді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен нақышты білдіреді.** — делінген банк хабарламасында.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуга, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.



## ДЕНСАУЛЫҚ

Биыл елімізде қызылша ауруы өршіп тұр. Өсіресе балалар арасында күннен-күнге көбеюде. Бұл вирусқа бей-жай қарауға болмайды, себебі ол да қауіпті инфекция саналады. Өйткені бұл вирустың емі жоқ. Мұнымен ауырған адамның дене қызуы көтеріле бастайды. Одан кейін денеге қызыл түсті бөртпелер қаптап шығады. Жалпы қызылша ауруының жазылуы бұл адамның иммунитетіне байланысты әртүрлі болмақ. Статистика бойынша бұл вирусты он адамның тоғызы жұқтырады екен. Сондықтан ол жұқпалы әрі өкпенің тыныс алу жолының инфекциясы қатарына жатады. Яғни оның жүгу көрсеткіші тым жоғары болғандықтан ол коронавируспен тәрізді жылдам әрі тез таралатын вирус түрі.

ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетова Орталық коммуникациялар қызметінде берген брифингте қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалының күрделі екенін әрі оның жоғары деңгейі Шымкент қаласында, Жамбыл және Алматы облыстарында және Алматы қаласында тіркелгенін айтты.

– Вакцинация алмаған балалар 71% құрайды. Бұл ретте, 60% балалар екпе егуден бас тартуға байланысты, 18% медициналық қарсы көрсетілім бойынша, 21% егу жасына жетпеген балалар, – деді вице-министр.

### Облыстағы ахуал қалай?

Лабораториялық зерттеу нәтижесіне сәйкес Қызылорда облысында 876 қызылша ауруы тіркелген. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 767 жағдай анықталса, оның 198-і 1 жасқа толмаған сәбилер. Ал ересек адамдардың арасында 109 наукас анықталған.

– Қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмаған, олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 79%-ын құрайды. Оның ішінде медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты екпе алмағандар-16% болса, екпе алатын жасқа жетпегендер 34% болып отыр. Вакцинациядан бас тартқандар 48% болса, сондай-ақ жоспарлы вакцина алуға тиісті мерзімде негізсіз себептермен (жол жүріп кету, тұрғылықты мекенжайынан тыс жерде болу, т.б.) екпе алмай жүргендер көрсеткіші 2%-ды құрайды. Бұдан бөлек, 102 наукастың қызылшаға қарсы иммундық көрсеткіші белгісіз екені анықталды. Ауырғандардың ішінде екпе алған наукастар да бар, алайда олар қызылшаға қарсы екпенің толық курсы алмаған, тек 1 дозасын алған. Яғни ағзада толық иммунитет қалыптаспағандықтан, олардың арасында қазір ауруды жұқтырып алу дерегі орын алып отыр, – дейді Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Сонымен қатар эпидемиологиялық ахуал тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделенуінің себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавируспен пандемиясы салдарынан халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау төмендеп, екпеден бас тартушылардың артуымен байланыстырады. Себебі ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын, ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Сондықтан қауіп тобында екпе алмаған, иммунитеті төмен адамдар бар.

Бүгінгі күні қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалын тұрақтандыру бойынша алдын алу шаралары тұрақты жүргізілуде. Бұл туралы облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова айтты.

– Атап айтқанда еліміздің бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2023 жылғы 14 наурыздағы №1 қаулысына сәйкес шетелдік азаматтарды қоса алғанда ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін қызылшамен ауыратын наукаспен соңғы байланыста болған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдарға шұғыл вакцинация жүргізілуде. Бұдан бөлек аурудың соңғы жағдайы анықталған сәттен бастап 21 тәуліктің ішінде байланыста болған адам күнделікті медициналық бақылауға алынууда, – дейді Әлия Әбдіқайымова.

Маманның сөзінше вакцинациялаумен төмен қамтылған, халықтың әлжуаз топтары бар және көшіп-қонушылардың, тіркелмеген адамдардың саны жоғары аумақтарға аса назар аудару отырып, өңір бойынша 30 жасқа дейінгі адамдардың екпе алуына талдау жүргізу, Қазақстан Республикасының азаматтары арасында қызылшаға қарсы егілмеген және екпе алу туралы деректері жоқ адамдар анықталған кезде ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін оларды бір рет иммундау бойынша шаралар қабылданады. Сондай-ақ ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін бұрын қызылшаға қарсы екпе алмаған 55 жасқа дейінгі медицина қызметкерлерін вакцинациялау жүргізілуде. Мұнымен қоса вакцинамен басқарылатын инфекциялардың профилактикасы және иммундаудан бас тартулар салдары бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы күшейтілген.

Тағы бір айта кетерлігі ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2023 жылғы 1 қарашадағы №7 қаулысына сәйкес Республика көлемінде қызылша ауруының 11 мыңнан астам

жағдайына жетіп, оның 70%-дан астамы егілмеген балалар құрайтын, қызылшамен сырқаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында биылғы жылдың 6 қарашасынан бастап 6-10 айға дейінгі балаларды қызылшаға қарсы қосымша иммундау басталды. Ал 2 мен 4 жас және 11 ай мен 29 күнге дейінгі балаларды ауруға қарсы қосымша егу ҚҚП-ға қарсы вакцина партиясы түскеннен кейін осы жылдың 5 желтоқсанынан бастау алмақ.

Сонымен қатар қызылшаға қарсы профилактикалық екпелері жоқ, сондай-ақ 2019-2020 жылдары және 2019 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңде эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізілген осы инфекцияға қарсы алдыңғы қосымша жаппай иммундау барысында қызылшаға қарсы егілмеген медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері де қосымша иммундауға жатады.

Бұл ретте 6 айлық балаларды қызылшаға қарсы ҚЖИ қызылшамен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін

тұмау дендеуі мүмкін. Уақыт өткен сайын ауру асқынды ауыз қуысы ісініп, қабына бастайды. Тіпті кейбір адамдарда іш өтуі де мүмкін. Арада екі үш күн өткен соң ауыздың шырышты қабығында кішкентай ақ дақтар пайда болады. Одан кейін құлақ пен мойында, сосын денеге және ең соңында қол мен аяққа бөртпелер шығады. 5 күннің ішінде денеге қаптап бөртпелер толық шыққаннан кейін адамның қызуы түсіп жағдайы жақсара түспек.

### Вируспен ауырған балаларда қандай белгі болды?

– Менің қызым 4-сыныпқа барады. Біз барлық екпені толық алып жүрміз. Алмай қалған кезіміз болмады. Осы екпені толық алғандықтан балар қызылша ауруы жеңіл өтті десем болады.

# ҚЫЗЫЛША ДЕНДЕП БАРАДЫ



2-4 жас аралығындағы мен 11 ай - 29 күнге дейінгі балалар және медицина қызметкерлеріне 2023 жылдың желтоқсанынан бастап 2024 жылдың қаңтар аралығында екпе салу жүргізіледі.

Мамандар қызылшадан ең тиімді қорғану жолы – уақытылы вакцинациялау деп отыр. Ол Ұлттық екпелер күнтізбесіне енгізілген екпе тегін жіргізіледі. Вакцинация үшін қызылшаға қарсы қауіпсіз және тиімді вакцина қызамық пен паротитке (ҚҚП) қарсы компонентпен қоса қолданылады.

Бұл жөнінде Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова айтқан болатын.

### Қызылшаның шығу себебі мен белгілері қандай?

Қызылша – бұл қызба, интоксикация, дақтыпапулалы бөртпе, энантема, конъюнктивта және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамнан келесі адамға ауа тамшыларымен жөтелгенде, түшкіргенде және сөйлескенде жұғады. Бұл аурумен ауыратын адаммен тіпті қысқа уақыт қарым-қатынаста болған жағдайда да екпе алмаған адамдардың қызылшаны жұқтыру қаупі жоғары.

Егер адамдар бұл вирустың алдын алмаса пневмония мен бронхит және энцефалит сияқты ауруларға шалдығады. Тіпті медициналық көмекке кеш жүгінсе немесе қызылшамен қатар басқа аурулар болған жағдайда бұл асқинулар өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан ауру белгілері байқалғанда сау адамдарға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтатып, дәрігерге қаралуы керек.

Бұл ауруды жұқтырған адамның бойында он күннен соң суық тиюдің белгілері байқалады. Ашып айтатын болсақ, адамда әлсіздік, табет тартпау мен құрғақ жөтел және мұрыннан су ағуы санды белгілері болады. Одан кейін адамның қызуы көтеріліп, көздің қабынуымен қатар жөтел,

Кезінде мен де балалық шақта қызылшамен ауырдым. Ол кезде вакцина болмағандықтан ба, әйтеуір ауыр өтті. Қатты ауырғаным әлі есімінен кетпейді. Ол заманда анам қызыл көйлек кигізіп, көрпеге орап пештің түбіне отырғызып қояттын. Терлегенде қызылша қаптап төгіледі дейтін. Ал қазіргі таңда қызымды орамадым, бірден дәрігер шақырдым.

Алғашында қызымның мазасы болмай өзімен-өзі жүретін. Сосын демалғым келеді деп жататын. Не болды екен деп маңдайын ұстағанымда дене қызуы бар екен. Бірақ қатты көтерілген жоқ. Содан 3-4 күннен кейін денесінің әр жеріне қызыл бөртпелер шыға бастады. Дереве үйге педиатр шақырттым. Келе сала қызымды тексеріп денесіндегі бөртпенің қызылша екенін айтты. Сондай-ақ үй жағдайында не істеу кергін, толық жазылғанша үйден шығармай, желден қорғанумен қатар баланы жылы ұстап және денесіне су тигізбеу кергін түсіндірді.

Жалпы біз қазақ болған соң ырымға сенеміз ғой, қызыма қызылша шықты деп қызыл көйлек кигізіп қойдым. Осылайша үй жағдайында қызым жазылғанша дәрігердің бақылауында болды.

Менің ойымша бұл екпені толық алғандықтан жеңіл өтті, – дейді анасы Закира Серікбайқызы.

### Қызылшаның алдын алу үшін не істеу керек?

Вирустың алдын алу үшін бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жасаған дұрыс. Наукас адамның үйіне, ауру өршіп тұрғанда адам көп жерлерге бармауға кеңес беріледі. Халық көп шоғырланған орындарда маска киіп жүрген жөн. Сондай-ақ екпені уақытылы алуы керек.

Айта кетейік, екпе алған адамның қызылша ауруымен ауырмайды деген негіз жоқ. Екпе тек адамның белгілі бір аурудан жеңіл өтуіне көмектеседі. Сондықтан ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеп, уақытылы екпе алған жөн дейді мамандар.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

## Жылжымалы медициналық кешеннің ерекшелігі қандай?



Жуырда «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы алынған жылжымалы медициналық кешен облыстық онкология орталығына табысталды.

Рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, мұндай медициналық кешеннің республика бойынша 3 өңірде ғана іске қосылғанын атап айтты. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қорына алғысын білдірді.

– Біз бұлыттардан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланыстамыз. Бұл қор екі жылда аймақтың денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бөлді. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» оналту орталығы ашылды, қымбат дәрі-дәрмектер алынды. Бүгінде қор 1,1 млрд теңгенің скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенімен қамтамасыз етуде. Жылжымалы кешен табыстатын 3 өңірдің бірі ретінде Қызылорда облысын таңдаған «Қазақстан халқына» қорына Сыр жұртшылығы атынан шынайы ризашылығымызды білдіріп, алғысымызды айтамыз. Кешен облыс халқының денсаулығындағы кінәратты ерте анықтаудың мүмкіндігін ұлғайта түспек, – дейді облыс әкімі.

Жылжымалы медициналық кешеннің кілтін арнайы «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры директорының орынбасары Ләззат Шығысбаева облыстық онкология орталығының бас дәрігеріне табыстады.

### МАМАН КЕҢЕСІ

Қазір респираторлы вирусты инфекциялардың, тұмаудың белең алатын эпидемиясы. Тұмау жыл сайын көптеген елде эпидемиялық сипатта таралатын жаһандық инфекция. Қазақстанда әлемнің басқа елдеріндегідей тұмау және ЖРВИ денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерінің бірі.

## Тұмаудан қалай сақтанамыз?

Қызылорда облысында тұмаудың 2023-2024 жылғы жаңа эпидемиясынан бастап жедел респираторлы вирусты инфекцияға 12 176 адам шалдыққан. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар үлесі – 7988. Ағымдағы эпидемиясымда тұмау ауруы тіркелген жоқ.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықты тұмаудан қорғаудың жалғыз және тиімді әдісі ретінде тұмауға қарсы вакцинациялау ұсынады. Осы мақсатта тұмаудың эпидемиясын тұрақтандыру және ауру денгейін төмендету бағытында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл 84430 доза вакцина қоймаға жеткізілді. Тұмауға қарсы иммундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылды.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекенжайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі. Олар ең алдымен медицина қызметкерлері, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған балалар және балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің балалары, қарттар үйінің контингенті. Сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Жылжымалы медициналық кешен екі көліктен тұрады. Оның ішінде томосинтез функциясы бар. Бұл – әйелдердің сүт безі катерлі ісігінің алғашқы белгілерін анықтайтын бейнелеу немесе рентгендік әдіс. Сонымен қатар сандық маммографиялық жабықпен сарапшылық деңгейдегі ультрадыбыстық жүйе және жоғары дәлдікпен зерттейтін компьютерлік томография құрылғысымен жабықталған.

Жалпы бұл кешен шалғай елді мекендердегі тұрғындар үшін қолжетімді болмақ. Яғни елді мекендегі тұрғындар емхана жағаламай, жылжымалы медициналық кешеннің көмегі арқылы денсаулығындағы дертті дер кезінде анықтап, мамандардан кеңес алып, аурудың алдын алады.

Мұндай медициналық жабық Қазақстанда алғаш рет қолданыса беріледі. Жоспар бойынша халықты онкологиялық скринингпен қамту 60%-ды құрайды. Сондықтан жобаны енгізу үшін пилоттық өңірлер бойынша тексерумен қамтуды 70%-ға дейін ұлғайту көзделуде.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстан бойынша пилоттық өңірлер ретінде Алматы мен Қызылорда және Ақтөбе облыстары анықталған.

Н.АЛТЫН

Динара ЖАНАБЕРГЕНОВА,  
Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

ЭКОЛОГИЯ



Елімізде топырақтану ғылымын жарты ғасырдан астам уақыт зерттеген ғалым Жекен Мамытов ТМД елдерінің арасында Қазақстанның топырақ құрамының 70 пайызы тұзды екенін айтады. Жалпы ғылымда топырақтың тұздануын екі кезеңге бөледі екен. Бірінші кезең табиғи қалыпты тұздану болса, екінші кезеңі адам фактордың әсерінен туындайды.

Сонымен, топырақ қалай тұзданады? Ғалымдар қазір топырақтың тұздануының екінші кезеңі жүріп жатқанын айтады. Жоғарыда бұл кезең адам фактордың салдарынан болатынын жазған едік. Оның ішінде егістік алқаптарын бей-берекет суарудың кесірі топырақтың тұздануына әкеледі екен. Мұны ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аграрлық технологиялар білім беру бағдарламалары профессоры Ибадулла Тәуенов былай түсіндірді.

– Жалпы біздің аймақтағы топырақ аллювий деп аталады. Бұл шөгінді жыныстар. Осыдан 56 мың жыл бұрын облыста үлкен Қызылорда қазаншұңқыры болған. Оның ең терең жері – Теренөзек аумағы. Тереңдігі 100 метрге дейін жеткен. Сол қазаншұңқыр сумен келген шөгінді жыныстармен толып, қазіргі

төзімді, бейімделген дақылдар. Қаланы көгалдандыру мәселесінде де осы жағдай. Өңірдің табиғатына сай, жерінің ағаштар отырғызу керек. Қазір қалада түрі әдемі небір ағаштар мен көшеттер сатылып жатыр. Көпшілік соны алады да отырғызады. Ол ағаш жеріңбейді, көп ұзамай-ақ қурап қалады немесе өспейді, – дейді маман.

Аймақтағы топырақтың тұзды болуы табиғи жағдай дегенімізбен, адам и-әрекеттердің нәтижесі мөлшерден тыс тұздануға әкеледі. Ендігі мәселе соның салдарымен қарусу. Ғалым ол үшін түрлі милооранттарды қолдану керектігін айтады.

– Топырақтағы тұзды шығару керек қой. Оның түрлі жолы бар. Ең тиімді әрі нәтижелісі көмнен өңдеу. Алайда көп көп мөлшерде қажет болғандықтан жетпей жатады. Мәселен, егістіктің әр гектарына 60 тоннаға дейін көң қажет. Біздегі егістік көлемі 100 мың гектарға дейін барады. Көңді оның бәріне жеткізу мүмкін емес. Сондықтан химиялық милооранттармен өңдеуге тура келеді, – дейді ғалым.

Жалпы біздегі топырақ құрамында натрий элементі басым екен. Өсімдіктің жайқалып

немесе өсімдік егетін болса алдымен жерді дайындап, топырақты құнарландыру керек. Әр көктем мен күзде жерді аударған дұрыс. Көбі есік алдындағы шөбін өртеп жібереді. Оны өртемей, өңдеп көңге айналдыруға болады. Қазір бақшамда түрлі жеміс ағаштары өсіп, жемісін беруде. Одан бөлек терек, пальма тұқымдасына жататын ағаштар бар. Жүзім, басқа да көкөніс түрлері бар. Уақытында күтімін жасап, баптаймын. Аяқсу мәселесі шешілмегендіктен, ауызсумен суарамыз. Бұл ретте мен тамшылатып суару әдісін қолданамын, – дейді ардагер.

# ТҰЗДЫ ТОПЫРАҚҚА ДА КӨК ШЫҒАДЫ



жер бедері пішіні қалыптасқан. Қазір жерді қазатын болсаңыз бір қабаты құм, келесі қабаты саз, одан кейін тағы құм. Осылай кезектесіп отырады. Яғни өзен суы қатты аққанда құм айдап әкелсе, жай аққан кезде сазға толған. Сырдария өзенінің ұзындығы 2300 шақырым болса, облыс орталығынан Аралға дейінгі аумақ 500 шақырымды құрайды. Яғни дария суы бізге дейін 1800 шақырымнан ағып келді. Осылайша өзен суымен бірге тұздар ағып келіп Аралға құйды. Сондықтан аймақтағы топырақ құрамының тұзды болуы табиғи қалыпты жағдай. Топырақтың шектен тыс тұздануына егіннің зияны бар. Бұрын дренаж деген бар еді. Яғни терең қазылған құдықтар арқылы жерасты суын насоспен тартатын. Бұл – тұздың көтерілмеуі үшін қажет дүние. Үшіншіден, Арал теңізінің жағдайы. Теңіз құрғағанын кейін тұздар жер бетіне шығып жатыр. Бұл – әлемді толғандыруы тиіс мәселе. Себебі тұзды тоңаздар ауамен ұшып қазір мұздықтарға жетуде. Мұның салдары мұздықтардың еріп, азаюына, су тапшылығын туындатады, – дейді ғалым.

өсуіне кедергі келтіретіні де осы. Ал натрийді ығыстыру үшін кальций мен магний қажет. Бұл элементтерді құрылысқа қажетті гипс өнімінен алуға болады. Мәселен, 1 гектар аумақтағы тұзды шығаруға 5-10 тоннадай гипс өнімі қажет. Бүгінде топырақтан тұзды шығаруға бұл әдісті енгізу қолға алынуда. Дегенмен нәтижесін уақыт көрсетеді.

Профессор Ибадулла Тәуенов жалпы қаладағы көгалдандыру ісі топырақтың тұздылығынан өнбей тұр дегенге келіспейді. Қаншама ағаш отырғызылғанымен суару жүйесі дұрыс емес, күтім жоқ. Ағаштардың жайқалып өспеуінің себебі осы екен.

– Қалада аяқсу мәселесі шешілмеген. Ағаш отырғызылғаннан кейін ол өсіп, тамыр жайып кеткенше екі-үш жылға дейін үзбей суару керек. Аяқсу болмағандықтан амал жоқ ауызсумен суаруға тура келеді. Ал ауызсу құрамында хлор бар. Хлорды өсімдіктің қас жауы деуге болады. Сонымен қатар біздің ыстыққа, топыраққа төзімді ағаштарды таңдау қажет. Мәселен, қалаға үйеңкі, көк терек сынды ағаштарды отырғызуға болады. Сосын қаланы көгалдандыруға жауапты, білікті маман болғаны дұрыс қой. Ол қаланың орталығы, шеті демей бірдей көңіл бөліп қараса жасыл желекке айналдыруға болады. Тағы бір айта кетер жайт, тұрғындар тағам қалдықтарын кейде қояқсыз тастап жатады. Бұл дұрыс емес. Одан да оны есігінің алдына, бақшалық жеріне көміп тастасын. Бұл да жерді өңдеуге таптырмас дүние. Арам шөптен де жер өңдеуге болады. Тек оны тамырымен емес шөбін ғана орып жерге көміп тастаса ол да топырақты өңдейді, – дейді маман.

Түсінгеніміздей топырақтың табиғи тұздануы кезінде облыс орталығы жасыл желекке бөленген, бау-бақшасы жеміске толған. Алайда адам фактордың әсерінен бүгінде топырақ тұздануының екінші кезеңі жүруде. Бұл өз кезегінде тұздың топырақ құрамында шамадан тыс артуына әкелген. Мұның қаланы көгалдандыруға белгілі бір дәрежеде зияны бар деуге болады. Бірақ топырақ тұзды екен деп қол қусырып отыру керек дегенді білдірмейді. Сала маманы, ғалым Ибадулла Тәуенов жоғарыда тұзды ығыстырудың, ағаш күтімінің қарапайым, қолжетімді әдістерін айтты.

Қалада ғалымның айналаны көгалдандыру топырақтың тұздылығына қарамайды дегенін іс жүзінде дәлелдеп жүрген азаматтар бар. Соның бірі – құрылыс саласының ардагері, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлерінің төрағасы Нұрлыбай Лұқпанұлы. Бақша егуді отыз жылға жуық уақыт серік еткен ол бүгінде есігінің алдын жасыл желекке айналдырған.

– Осы үйге көшіп келгеніме отыз жылдан асып барады. Әуелінде жері тұзды болды. Топырақты өңдеуге біраз күш жұмсадым. Содан кейін нәтижесін көрдім. Қандай да бір ағаш отырғызу

Бүгінде тұрғындар арасында арша ағашын отырғызу сөнге айналып келеді. Оған оның аптап ыстықты, тұзды топырақты өңірлі жерінің себеп болса керек. Әрі айналаға сан берер көркі, денсаулыққа да пайдасы бар. Ал қалада мұндай ерекше көшеттермен қамтамасыз ететін «Қызылорда garden» мекемесі. Мекеме басшысы, кәсіпкер Руслан Қайырбеқұлы ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі. Бүгінде аталған мекеме тұрғындарға сапалы көшет, газон егу жұмысымен қатар суару жүйесін құру, ландшафты дизайн жасау қызметін көрсетеді.

– Өңірдің климатына, тұзға төзімді көшеттер әкелеміз. Оның ішінде шаған, үйеңкі, сәнағаш, қытай шағаны, кара ағаш, калифорниялық терек сынды көшеттің 40 шақты түрі бар. Әсіресе калифорниялық терек пен сәнағашы жақсы өседі. Көшеттерді өзінің топырағымен бірге әкелеміз. Сол кезде оның жеріңің оңай болады. Қаланы көгалдандыру бойынша экологиялық орталық алдына, Қармақшы ауданының орталық саябағына, «Түзкөл-Мұнай газ Оперейтинг» ЖШС мекемесіне көшеттер отырғыздық. Қазір ауыл шаруашылығы саласында тұзды ыдыратуға арналған түрлі дәрі-дәрмектер шығарылууда. Көгалдандыруда соларды пайдаланамыз. Алған көшеттері жеріңің, тамыр жайып кеткенше мекеме тарапынан күтіміне байланысты кеңес береміз, – дейді кәсіпкер.

Қалай десек те қаланы көгалдандыру басты мәселе. Бұл экологиялық тұрғыдан да, топырақ тұздылығын жоюға да оң әсер бермек. Әу баста топырақтың тұздануы шамадан тыс артып, соның салдары өсімдіктердің қажетті қоректі ала алмайы, ерте солуы, сарғаюы сынды жағдайға әкелетіндігін жазған едік. Бұл туралы ғалымдар айтқанымен егістік иелері мән бермейтін көрінеді. Егінді бей-берекет суарудан минералданған топырақ асты суының деңгейі көтеріліп, жер бетіне жақын орналасқан топырақ қабатының тұздың сіңуі артады. Егер жерасты суларының деңгейі 1,5-2 метр тереңдікте болса топырақ тұздана бермек. Егін шаруашылығындағылар осыны ескерсе дейді мамандар.

Жердің жайын сол саланың маманынан артық білер ешкім жоқ. Ғалымдар қазір топырақтың тұздануы басты мәселе деп көтергенімен тиісті деңгейде мән берімей жатқанын айтады. Су тапшылығы да мұнымен тікелей байланысты. Мәселенің шешу жолын ұсынғанымен қолдау болмағанын бекер-ақ. Ал тұрғындар тарапынан қоршаған ортаға жанашырлық пен еңбеккерлік қажет сияқты. Сонда тұзды топыраққа қарамастан қаланы көгалдандырып, жасыл желекке саясында демалуға мүмкіндік тумақ. Көгалдандыруға тұз кедергі емес. Ниет пен әрекет біріксе тұзды топыраққа біраз нәрсе шығаруға болады екен.

Қыркүйек айында Тәжікстанда жаһандық климаттың өзгеруі, су тапшылығы мәселесі аясында Орталық Азия елдері басшылары бас қосқан кеңес отырысы өтті. Сол жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азияның су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану үшін ұзақмерзімді әрі орнықты аймақтық ынтымақтастық механизмін құру қажеттігін, Арал теңізі бассейніне бірінші автоматтандырылған жүйе енгізу арқылы алып айдыңнан алынған су ресурстарын тиімді алып отыру, мониторинг жасау, басқару процестерін іске асыру керектігін жеткізген. Нәтижесінде Орталық Азия елдері жаһанды алаңдатқан су тапшылығы мәселесін бірлесіп шешу аясында маңызды құжаттарға қол қойды.

## ТАШКЕНТ КЕЛІСІМІ ҚАНШАЛЫҚТЫ НӘТИЖЕЛІ БОЛМАҚ?



Жуырда Ташкентте өткен Мемлекетаралық үйлестіру су комиссиясының 85 отырысында Қазақстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеті Сырдария су қоймаларына су көлемі 11,1 млрд текше метр суы Аралға құйылады деп жоспарлануда, – дейді ол.

Сала басшысының міндетін атқарушы Зейнулла Қазтоғановтың айтуынша, қазіргі таңда суды қабылдап алуға байланысты тиісті шаралар қолға алынуда. Болжамды су келген жағдайда дария суын тасытпай, көктемгі егіске су жеткізу мақсатында су қоймаларына су толтыру және төменгі ағысқа қауіпсіз өткізу шаралары жүргізілетін болады.

Шардара мен Сырдарияға су жіберу туралы келісім жасалғанымен оның нақты жүзеге асырылуы уақыт енішінде. Себебі қазіргі таңда су тапшылығы барлық елде туындап отырған жағдай. Мәселен, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Ибадулла Тәуенов мұның тек болжам екенін айтады.

**2023 жылдың 1-2 қарашасында Ташкент қаласында өткізілген Мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының 85-отырысында вегетацияаралық (1 қазан – 1 сәуір) кезеңде Шардара су қоймасына түсетін су көлемі 11,1 млрд текше метр суы Аралға құйылады деп жоспарлануда.**

– Қазір әлем бойынша су тапшылығы орын алууда. Сырдария бойындағы су бір жағы Тәжікстаннан құйылса, бір жағы Қырғызстаннан құйылады. Орталық Азиядағы ең үлкен су қоймасы Токтағұл 19 млрд текше метр су жинауы керек. Бірақ соңғы 5-6 жыл көлемінде бұл су қоймасы толған емес. Ондағы қазіргі су көлемі шамамен 10 млрд текше метрді құрайды. Қыс мезгілінде мұнда су жиналмайды. Себебі электр энергиясын арттыру үшін қоймадағы суды көбірек жібереді. Ал бұл сумен Өзбекстан мақта егістігін шаяды. Одан қалған суды бізге жібереді. Оны біз Шардара су қоймасына жинаймыз. Өзбекстанның негізгі күнкөрісі – егін шаруашылығы. Сондықтан олар бізге осынына көлемде су жібереді деп ойламаймын, – дейді ғалым.


Ғалымның айтуынша, біздегі су тапшылығы ысырапшылдықтың салдары. Суды үнемдеп пайдаланбаудың соны осындай жағдайға әкеледі. Бұған егін шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің әгүсті қарауы себеп болууда.

Су – тіршілік көзі. Оның адам өміріндегі маңызын соңғы жылдары жіті түсінгендейміз. Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері жаһанды алаңдатқан су тапшылығы мәселесін бірлесіп шешуі керектігін айтқан. Бұл мақсаттағы жұмыстар нәтиже берсе, құба-құп болар еді.

Бетті дайындаған **Айдана СЕЙІЛ**  
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



Бас директор **Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор **Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сөйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мәзіріне жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3109 Тапсырыс №1797

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА